



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары**

2023 жылғы 12 сәуірдегі № ДС-53 сауалға

Құрметті депутаттар!

Әуе сапарларға жеңілдіктер беруге қатысты жоғарыда аталған депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында 2 жастан 15 жасқа дейінгі ішкі рейстерде және 2 жастан 12 жасқа дейінгі халықаралық рейстерде кәмелетке толмаған балаларға 50 % жеңілдік көзделген.

Сондай-ақ, заңнамаға сәйкес 2 жасқа дейінгі балаларды халықаралық және ішкі рейстерде жеке орын бермей тасымалдау тегін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қаралуда, оның басты талабы қолданыстағы заңнаманы конвенцияның нормаларына сәйкес келтіру болып табылады.

Бұдан бөлек, тиісті сұраулар авиакомпанияларға жолданды.

Мәселен, «SCAT» Авиакомпаниясы» АҚ авиакомпанияның ішкі тұрақты рейстерінде (субсидияланған рейстерді қоспағанда) жылына 1 рет мүгедек балалар мен I топтағы мүгедектер үшін тарифтен 100 % жеңілдік, сондай-ақ II топтағы мүгедектер үшін 50 % жеңілдік берілетінін хабарлайды.

Бұл ретте жолаушылар әуежай алымдары мен авиабилетті ресімдегені үшін алымдарды төлейді. Еріп жүретін адамдарға жеңілдіктер қарастырылмаған.

«Qazaq Air» АҚ мүгедектігі бар адамдарға әуе сапарларына жеңілдіктер беру мәселесі барлық растайтын құжаттарды ұсынған кезде жеке тәртіппен қаралатынын хабарлайды.

Сонымен қатар, «Qazaq Air» АҚ Басқарма Төрағасының шешімі бойынша мүгедек балаға тариф құнынан 100 % жеңілдік және ілесіп жүретін адамға сол тарифтен 50 % жеңілдік беріледі.

«Эйр Астана» АҚ-да 60 жастан асқан жолаушыларға, 12 жастан 25 жасқа дейінгі жастарға және ҰОС-ы ардагерлеріне жеңілдіктер көзделген.

Сонымен қатар, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі ел ішінде кәмелетке толмаған балалардың ұшуы кезінде авиабилеттерді субсидиялауды көздейтін «Kids go free» мемлекеттік бағдарламасын іске асырып жатқанын хабарлаймыз.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын іске асыру шеңберінде Үкімет Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне халықтың аз қамтылған тобына көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, оның ішінде әуе сапарларына жеңілдіктер беру және тиісті мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу үшін тапсырма берді.

Осы бағыт бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Р. Скляр



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажиліса Парламентта
Республики Казахстан

На № ДС-53 от 12 апреля 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос касательно предоставления скидок на авиаперелеты, сообщаю следующее.

В настоящее время действующим законодательством Республики Казахстан предусмотрены скидки в размере 50 % несовершеннолетним детям на внутренних рейсах от 2 до 15 лет и на международных рейсах от 2 до 12 лет.

Также, согласно законодательству, перевозка детей до 2 лет на международных и внутренних рейсах без предоставления отдельного места осуществляется бесплатно.

Вместе с тем, на сегодняшний день в Мажилісе Парламентта Республики Казахстан находится на рассмотрении проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Факультативного протокола к Конвенции о правах инвалидов», главным требованием которого является приведение действующего законодательства в соответствие с нормами Конвенции. В рамках данного законопроекта Правительство готово рассмотреть затрагиваемые депутатами вопросы.

Помимо этого, были направлены соответствующие запросы в авиакомпании.

Так, АО «Авиакомпания «SCAT» сообщает, что на внутренних регулярных рейсах авиакомпании (за исключением субсидированных рейсов) 1 раз в год предоставляется 100 % скидка от тарифа для детей-инвалидов и лиц с инвалидностью I группы, а также 50 % скидка для лиц с инвалидностью II группы.

При этом, пассажирами оплачиваются только аэропортовые сборы и сборы за оформление авиабилета. Скидки сопровождающим людям не предусмотрены.

АО «Qazaq Air» сообщает, что вопрос предоставления скидок на авиаперелеты людям с инвалидностью рассматривается в индивидуальном порядке, при предоставлении всех подтверждающих документов.

Вместе с тем, по решению Председателя Правления АО «Qazaq Air» предоставляется 100 % скидка от стоимости тарифа ребенку с инвалидностью и 50 % скидка от того же тарифа сопровождающему лицу.

В АО «Эйр Астана» действуют льготные тарифы и скидки пассажирам старше 60 лет, молодым людям от 12 до 25 лет и для ветеранов ВОВ.

Вместе с тем, сообщаем, что на сегодняшний день Министерством культуры и спорта реализуется государственная программа «Kids go free», которая предусматривает субсидирование авиабилетов при перелете несовершеннолетних детей внутри страны.

В рамках реализации Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам улучшения качества жизни лиц с инвалидностью» Правительством дано соответствующее поручение Министерству труда и социальной защиты населения разработать соответствующую государственную программу по улучшению качества оказываемых услуг маломобильной группе населения, в т.ч. предоставление скидок на авиаперелеты.

Работа по данному направлению будет продолжена.

Р. Скляр